

Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 207 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қаңтарда N 8-5-83 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2011 жылғы 18 қазандағы N 377 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2011.10.18 N 377 шешімімен.

2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және қалалық Мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы XXIII сессиясының N 203 "2010-2012 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" шешіміне сәйкес, қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету мақұлданын.

2. Біржолғы материалдық көмек алу құқығы келесі санаттағы Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Жеңіс күні мерекесі қарсаңында - 50000 теңге;

2) Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарына қатысқан тұлғаларға - 5000 т е ң г е ;

3) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 10000 теңге;

4) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға - 5000 теңге;

5) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне) - 10000 теңге;

6) соғысқа қатысқанда қайтыс болғандардың әйелдеріне (күйеулеріне) - 5000 т е ң г е ;

7) Ұлы Отан соғысы жылдары 6 айдан кем емес жұмыс істегендерге - 5000

т е н г е ;

- 8) Ауғанстан аумағында ұрыс әрекетіне қатысқандарға - 5000 теңге;
- 9) балаларды қорғау күні қарсаңында 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға және мүмкіншіліктері шектелген балаларға - 2000 теңге;
- 10) "Алтын алқа" және "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған батыр аналарға – 5 0 0 0 теңге ;
- 11) Қаражал қаласының Құрметті азаматы атағы берілгендерге қала Күніне – 2000 теңге және Қазақстан Республикасының Конституция күні қарсаңында – 3 0 0 0 теңге .

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Қаражал қалалық мәслихатының 2010.04.15 N 245 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

3. Түберкулезбен ауратын адамдарға (болмаған жағдайда) жеке куәлік жасатуға, ем алу кезінде өзі тұратын мекенінен ем алу мекемесіне дейінгі жол шығынына ұсынылған жол құжаттары бойынша көмек көрсетілсін.

4. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Гармашова Н.Н.) біржолғы материалдық көмекті тағайындайды және бюджетте қаралған тиісті көлемдегі төлемдерді алушылардың жеке есеп шоттарына аударады.

5. Қаражал қалалық Мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 105 " Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімінің (2008 жылғы 30 желтоқсандағы нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттік тіркеудің тізімінде тіркеу нөмірі 8-5-61, 2008 жылғы 30 желтоқсандағы "Қазыналы өңір" газетінің 53 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (С. Сыртанбеков) жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ХХІІІ сессияның төрағасы,
қалалық Мәслихаттың хатшысы Н. Кәдірсізов